

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№45 (7882)

Жұма

11 қараша
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shygady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

ЭРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша
ноября 2022 ✓

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Құрметті қаржыгерлер!

Баршаңызды 15 қараша – Ұлттық валютамыздың қолданысқа енген күнімен орайлас келген Қаржыгерлер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биыл ұлттық валютамыз – теңгенің қаржы нарығында айналымға енгеніне сонау 1993 жылдан бастап 29 жыл толып отыр. Егемен еліміздің темірқазығына айналған ұлттық валютаның айналымға түсуі қоғам өміріндегі аса маңызды оқиға болды.

Қаржы саласының қызметкерлері еліміздің әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруі, халықаралық мөңдегі серпінді жобаларды жүзеге асыру, инфляцияны тежеу және қаржылық нарықтың тұрақтылығын сақтау, экономикалық өсімді ынталандыру сынды міндеттерді табысты шешумен айналысып келеді.

Бүгінде мемлекет алдындағы экономикалық міндеттерді жүзеге асыруда қаржы секторының алар орны ерекше. Сондықтан болар, еліміздің экономикалық қуатын еселеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын арттыру қаржы саласындағы жемісті еңбекпен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңдағы ауданның жеткен жетістіктеріне қаржы саласы қызметкерлерінің қосқан үлесі зор. Сіздердің еселі еңбектеріңіз бен білім, біліктіліктеріңіздің арқасында біздің өңіріміздің экономикасы қарқынды дамып келе жатқан аудандардың қатарынан көрінуде.

Алдағы уақытта да осынау биік межеден көріне беретіндіктеріңізге сенімдіміз. Сондай-ақ, жұмыстарыңыздың келешекте де Қазақстан экономикасының қаржы өлетін дамытуға және күшейтуге бағытталуына тілектеспіз.

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілейміз. Еңбектеріңіз жемісті болып, қаржылық қызметте жаңа белестерге жете беріңіздер!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Гидрометаллургиялық зауыт іске қосылды

Ақтоғай ауданында «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың ресми ашылу салтанаты өтті. Жоба Қазақстан мен Иран арасындағы тау-кен өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық аясында іске асырылған.

Аудан бойынша соңғы жылдары инвестиция тартып, тау-кен өндірісін дамыту бойынша бірқатар ауқымды жобалар іске асырылуда. Сөзіміздің айқын бір

Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Маджид Самадзаде Сабер, «Iranian Mines and Mining Industries Development and Renovation Organization» (IMIDRO) басшысы Ваджихолла Джафари, Ақтоғай ауданының әкімі Салтанат Әбеуова, Балқаш қаласының әкімі Қайрат Қамзин, Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары

экономикалық дамуына айтарлықтай өзіндік үлесін қосатын болады деп күтілуде. Жаңа нысанда металлургия саласындағы заманауи технологиялар

соңғы онжылдықта қолданыла бастады, ол зауыттар салуға үлкен шығындарды қажет етпейді. Сонымен қатар, катодты мыс өндірісінде төмен өзіндік құнымен



дәлелі, 4 қараша күні өңірге қарасты «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін «Ирказ Металл Корпорациясы» гидрометаллургиялық зауыты іске қосылды.

Зауыттың ашылу рәсіміне Иран Ислам

Андрей Уманцев және басқа да шақырылған қонақтар қатысты.

Бұл турасында аудан әкімі Салтанат Әбеуова: – Алдағы уақытта кәсіпорын жылына 5 мың катодты мыс өндіру арқылы ауданымыздың әлеуметтік-



қолданылады. Сондай-ақ, кәсіпорында 140 жұмыс орнын құру жоспарланып отыр, – дейді.

Сала мамандарының айтуынша, катодты мыс SX-EW технологиясы бойынша мысты металл қалыптасуына тундыру арқылы өндіріледі. Мыс катодтары M00k маркасына сәйкес келетін жоғары тазалық пен сапаға ие. SX-EW катодты мыс өндіру технологиясы гидрометаллургиялық процеске негізделген инновациялық әдіс. Бұл заманауи технология елімізде

ерекшеленеді және шағын кендердің қорларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, өндірістік қуаттылықтардың жеткіліксіз көлеміне байланысты еліміз мыс концентратының шамамен 30%-ын (966 мың тонна) шетелге экспорттайды. Ал жаңа кәсіпорындардың ашылуы мыс концентратын ел ішінде барынша қайта өңдеуге мүмкіндік беріп, қосылған құны жоғары өнім шығаруға ықпал етеді-мыс.

Думан ҚАБЫЛ

Клуб үйі күрделі жөндеуден өтті



Осыдан талай жыл ілгеріде ауыл атаулының өркениеттен кенде қалған деп айдар таққан. Десе дегендей, сол тұста ауылдағы ағайынның мұрынына мобильді желі, ғаламтор дегеннің иісі де бармай, үйді-үйге тартылған ауыз суды арман қылатын. Ал қазір ше? Қазір ауылдың баршасында болмаса да, басым бөлігінде жоғарыда аталған әлеуметтік мәселелердің түйіні тарқатылған. Тұрғындардың талаптілегі бір демде орындалып кетпесе де, кезек-кезеңімен ақырындап жүзеге асып жатыр. Бір орында дағдарып тұрып қалғаннан баяу болса да, ілгері жылжуға

деген талпыныс та бар, жұмыс та жасалып жатыр.

Қазақшылықтың қазығы іспеттес ауылдың бойына қан жүгіртіп, жаңа дем беру мақсатында әр өңірдегі маңызы бар нысандарға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, тұрғындар игілігіне беріліп келеді. «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде еліміздегі ауылдардың деніне көше жарықтарын орнату, тас жол төсеу, әлеуметтік нысандарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, аудандық бюджеттің де шарапаты ауылдарға тиіп жатыр.

Үстіміздегі жылдың қараша айының 4 жұлдызында Құсақ ауылында күрделі жөндеуден өткен клуб үйінің ашылу рәсімі болып өтті. Аудан әкімінің кезекті тоқсандық есебімен тұспа-тұс келген салтанатты шараға аудан әкімінің

деген өз лепесін білдірді. Келесі кезекте ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Т.Іңкәрбаев көпшілік алдына шығып, ауылдастарын үлкен жөндеу жұмысынан өтіп, қайыра жаңғырып, қолданысқа беріліп жатқан клуб үйінің ашылуына



орынбасары А.Аманжолов, аудандық мекеме, бөлім басшылары, есімі иісі Қазақстанға мәшһүр «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблі және ауыл тұрғындары қатысты. Әуелгіде сөз кезегін алған А.Базылұлы құсақтықтарды көпкөн күткен қуаныштарымен шын жүректен құттықтап, ауылдағы ағайынға

деген тілектестігін білдірді және А.Аманжоловпен қызыл таспаны кесіп, клуб үйінің есігін айқара ашып берді. Осынау ілкімді іс-шараға орай арнайы дайындалып келген ансамбль мүшелері тұрғындарға өн-жырдан пашу пашты.

Айта кету керек, аталмыш нысан «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының негізінде аудандық бюджет есебінен жөндеді. Күрделі жөндеу барысында мәдениет ошағының сыртқы-ішкі кескін-келбеті тұтасымен қалыпқа келтіріліп, жаңа есік, терезе және шатыр орнатылды.

Еркебұлан Мұстафин.

Рухани жаңғыру

Ауылына қарап, азаматын таны

Ауыл ажары – сол өлкеңің кескін-келбетінің келісуімен айшықты. Бақсаңыз, қазіргі уақытта ауыл-ауылдың барлығы дерлік замана көшінен қалмай, жергілікті жердің инфрақұрылымын бір ізге түсіріп, жанашылдыққа бет бұрып жатыр. Оны біріміздің көзіміз көріп, біріміздің құлағымыз естіп, әлеуметтік желі арқылы да қанық болып жатырмыз. «Бірлік бар жерде – тірлік бар». Бұлайша

түйткілдердің біршамасы ауыл ішінен сыртқа шықпай, ағайын арасында ымырамен шешіліп жатыр. Оған келтіретін дәйекті дәлелдер жетерлік. Мәселен, Айыртас ауылының тұрғындары және сол араға кіндік қаны тамған, қазіргі уақытта еліміздің түкпір-түкпірінде әр саланың тізгінін ұстап отырған перзенттері жұлдырықша жұмылып, бірліктің жарқын үлгісін көрсете білді. Қор құрып, сырт аймақтан балалы-шағалы отбасыларды көшіріп әкеліп, жұмысы тоқтап қалған білім ордасының бойына қан жүгіртіп, есігінің айқара ашылуына едәуір жұмыс жасады.

Бұдан бөлек, өзге ауылдарда да азаматтардың арқасында жасалған іс-шараларды тұрғындар игілігіне жаратып жатыр. 23-ші қазан күні Сарытерек ауылдық округіне қарасты Жетімшоқы елді мекенінде ауылдағы ағайынның бастамасымен бой көтерген «Жетімшоқы ауылы» стелласының ашылу рәсімі болып өтті. Республика күнімен тұспа-тұс келген салтанатты шараға аудан әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасары А.Аманжолов және тұрғындар мен қонақтар қатысты. Әуелгіде, А.Базылұлы көпшілік алдына шығып, осынау үлгі боларлық үлкен іске атсалысқан азаматтарға алғысын білдіріп, барша жетімшоқылықтарды құттықтады. Келесі кезекте ауыл ақсақалдары үрдіс бойынша қызыл таспаны кесіп, стелланы ашып берді. Тұрғындар айтулы күнге орай өзірлеген концерттік бағдарламаларын жұртшылыққа паш етіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, «арқан тартыс», «сір тасын көтеру» бойынша спорттық сайыс өтті. Жарыстың өз дәрежесінде өтуіне барлығы да бір кісідей атсалысып, жиналған қауымның басым көпшілігі қатысты. Шара сонынан жеңімпаздар арнайы өзірленген сый-сияпаттармен марапатталды.

Сондай-ақ, талай жыл тұрғындардың жан-айқайына айналған күрделі мәселенің күрмеуі шешілді. Жетімшоқы ауылы күре жолға жалғайтын көтерме жолдың жұмысы өз мересіне жетіп, қолданысқа берілді.

Е.АЙТЖАН.

Төл өнерді түлеткен Таңат

Абай облысы, Ұржар ауданында құсбегіліктен өткен I Халықаралық әлем чемпионатында жерлесіміз Таңат Оспанқұловтың ителгісі жеңімпаз атанды.

Халықаралық құсбегілер федерациясының ұйымдастыруымен өткен чемпионат Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған. Барқытбелдің



баурайында құс салып, ит жүгірткен додаға Түркия, Қытай, Моңғолия, Украина, Ресей, Қырғызстан мемлекеттері мен біздің елден 100-ден астам құсбегі келген. Олар бүркіт, қаршыға, ителгі сынды аңшы құстарын жарысқа қосты.

Қазақ халқының тектілігін, жігіттерінің серілігі мен жүректілігін танытатын құсбегілік өнерді насихаттаған шараға Қарағанды облысы атынан қызылжарайлық құсбегі Таңат Оспанқұлов қатысып, «Самал» атты сұңқары бірінші орынды қанжығалап қайтқан болатын. Таңаттың тау түлегін баптап, қыранын қиқулатқан ата-баба мирасын жалғастырып жүргеніне 10 жылдан асыпты.

Таңат Талғатұлының айтуынша, чемпионат жоғары деңгейде өткен. Ителгі жарысы бойынша баптап-бөпестеген «Самал» атты сұңқар қолға қондыру кезеңінде үздік танылған. Келесі кезек – шырға тебу. Тепсінісі тегеурінді сұңқар ақтық сын қоянға салуда да қара үзіп, иесі арнайы диплом мен 700 000 теңгені қанжығалапты.

«Құсбегілік – кейінгі кезде кенжелеп қалған ұлттық спорт түрі. Өз басым жұлдегер атанғанымға бек ризамын. Дегенмен, құсбегілікке мемлекет тарапынан жіті мән берілсе екен», – деген тілегін білдірді жеңімпаз.

Думан Бақыш.



төмсілдеуімізге айналамыздағы ағайынның бір жеңнен қол бір жағадан бас шығарып, ілкімді істерге ұйыпқы болуы себеп. Кейінгі үш-төрт жылдың мұғдарында ел ішінде ауыз толғырып айтуға өбден лайықты үлкен үрдіс бастау алды. «Елім-жерім» дейтін ұлтжанды азаматтар «туған жерге туын тігіп», үлкенді-кішілі шаруалардың шалғайынан ұстап, ауылының көркейіп, көгеруіне атсалысып жатқан жайы бар. Мәселен, бір ғана ауданымызға қарасты ауылдардың денінде жоғарыда аталған дағды қалыптасып, түйінді

Мемлекет басшысының пәрменіне сәйкес, тұрғындарды толғандырған түйткілдердің түйінін тарқату мақсатында қала, аудан, ауыл әкімдері әр тоқсан сайын халық алдында есеп беру жиынын өткізуге міндетті.

Осымен екінші аптаның жүзі болды, аудан әкімі С.Әбеуова бекітілген кестеге сәйкес, ауылдық округтерді аралап, халық алдында жыл көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде есеп беруде. Қарашаның 3-күні **Кежек ауылдық округіне** ат басын бұрған өңір басшысы IV тоқсандық есеп жиынын өткізді. Іс-шараға аудан прокуроры Р.Тобықов, аудан әкімінің орынбасары, бөлім, мекеме басшылары қатысты. Әуелгі кезекте өңір басшысы күні бүгінге дейін аудан көлемінде атқарылып жатқан



жұмыстар легін тілге тиек етті. Ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік салаларға жеке-жеке тоқталып, нақты сандық көрсеткіштерді атап өтті. Бірыңғай баяндама оқып, фактілерді негізге алатын қасаң қағиданы бұзып, аудан әкімі С.Мірәсілқызы көбіне-көп сөз кезегін ауыл тұрғындарына беріп, қойған сауалдарына жауап беріп, уәждеріне құлақ түрді. Және де көтерілген мәселелер бойынша тікелей тиісті мекеме, бөлім басшылары жауап берді. Сондай-ақ, аудан әкімі бұған дейінгі I-II тоқсандық есепте Кежек ауылының тұрғындары тарапынан көлденең қойылған проблемалар бойынша қазіргі уақытта қандай шаралар қолға алынып жатқанын мәлім етті. Мәселен, алдыңғы кездесуде ауыл тұрғыны Д.Ізбасаров: «Мектеп терезелерінің тозығы жеткен, ауыстыруға жәрдемдессеніңдер» деген ұсынысын білдірген болатын. Бұл бойынша С.Мірәсілқызы білім ошағының терезелерін алмастыру үшін қаражат қарастыруға облыстық білім басқармасына ұсыныс берілгенін айтты. Сонымен қатар, Б.Ермеков ауылға дәрігер маманы қажет екенін алға тартқан болатын. Аталған мәселе бойынша дереу шаралар қолға алынып, М.Оспанов Кежек ауылына дәрігер болып бекітіліп, қыркүйек айынан бастап жұмыс жасап жатыр. Сондай-ақ, ақшиліктердің тарапынан «Халықты тұрақтандыру және мектеп дәрежесін сақтау мақсатында көшіп келген отбасыларға мемлекеттік квота бөліне ме?», «Қысқы мал азығын дайындау үшін шабындық жер берілсе» деген сауалдар жолданған. Өңір басшысы көтерілген бірінші мәселе бойынша 2023 жылы қоныс аударушыларға квота бөлу жоспарда бар екенін айтты. Сонымен қатар, шабындық жер мәселесі аудандық жер комиссиясында қаралып, ұсыныс қанағаттандырылып, 800 га жер берілгенін жеткізді. Аудан басшысының ақпарынан кейін кежектік ағайынның тарапынан ауылдағы клуб үйіне мерекелік киім-кешектер қарастырылса және ауылдағы шаруа қожалығы жетекшілері көшіп келген үйелмәндерге әлеуметтік көмек көрсетсе екен деген ұсыныстарын көлденең қойды.

Мұнан кейінгі кезекті жиын **Жидебай ауылдық округінде** жалғасын тапты. Аудан басшысы бірден жыл көлемінде осы ауылда атқарылған жұмыстарды жіпке тізгендей жеткізіп, алда тұрған міндет-жоспарлармен бөлісті. Бұған дейін өңір басшысы С.Әбеуова әр тоқсанда Жидебай ауылдық округіне қарасты әр елді мекенге ат басын тіреп, аудан орталығынан жырақ жатқан жұртшылықпен жүздесіп, бұқараның базынасына құлақ

Бұқара пікірі – басты назарда

түріп, түртіп алған. Осы жолғы есеп барысында сол кезеңдерде көтерілген мәселелер қалай шешіліп жатқанын мәлімдеді. Мәселен, Үшарал ауылының тұрғыны Т.Ақбұзауов: «Ауылымызға ауыз су тартылса екен» деген өтінішін жеткізген. С.Мірәсілқызы көтерілген бірінші мәселе 2022-2023 жылдың жоспарына еніп отырғанын жеткізді. Жоба құны 312 млн. 583 мың тг. құрайды. Мердігер – «Life Story Invest» ЖШС. Сондай-ақ, елді мекен тұрғыны Н.Әмірхановтың: «Ауыл ішіне төселген

тас жолдың сапасы нашар» деген шағымына сәйкес, сол жолға жөндеу жұмыстарын жүргізген мердігер «Прайд М» ЖШС-не ескерту берілгенін айтты. Бұдан бөлек, Жаланаһ елді мекенінің тұрғыны З.Мұхсинованың ауылдағы медициналық пунктке тоқпен емдейтін құрылғы қажет деген тілегіне жауап қайырды.

4-ші қараша күні **Айыртас ауылынан** бастау алған жиында сөз арнасы бірден шаруашылыққа қарай ойысты. Осы жылдың көлемінде Айыртас ауылының азаматтарының ұйытқы болуымен ауыз

бұрыштар ашылғанын айтты. IV тоқсандық кездесуде қусактықтар дәрігер қажет, ұялы және ғаламтор желісі баяу жұмыс жасап тұр деген шағымдарын көлденең қойды.

Келесі кезекте **Абай ауылында** өткен кездесуде әлеуметтік сала басшысы жыл басынан бері Абай ауылында жүзеге асқан жұмыстарды баяндамаға мәйек қылып, алда тұрған жоспарларды ортаға салды. А.Базылұлы ақпардың ізін ала абайлықтарды сарсаңға салған мәселелерді талқылады. Аудан әкімінің II есептік жиынында Абай ауылының тұрғыны Е.Майлыбаевтың «Электр тогы болмаған кезде су ақпай қалады, су құбырына қосымша электростанция орнату керек» деген ұсынысы мақұлданып, «Ақтоғай Су» ЖШС арқылы жыл аяғына дейін 380 квт электрогенератор орнатылатын болды. Мұнан тыс мектептің спорт алаңына газон төселсе екен деген тұрғынның тілегіне сәйкес, аудандық мәслихат депутаты Е.Керімбай білім басқармасына депутаттық сауал жолдап, нәтижесінде 2023 жылы бюджет жоспарына енгізіледі деген жауап алынды. Осы жолғы шара барысында тұрғындар ауыл басына учаскелік полиция қажет деген пікірін жеткізді.

Сол күні **Қарабұлақ ауылдық округінде** өткен жиында әдеттегідей А.Аманжолов Қарабұлақ ауылы бойынша нәдей жоспарлар іске асқанын баяндады. Сонымен қатар, сөз кезегін ауыл тұрғындарына берді. М.Алибаев: «Балқаш-Ақтоғай бағытындағы тас жолмен ауыр жүк көліктері жиі жүргендіктен, жолдың сапасы нашарлап кетті. Сол жүк көліктеріне қандай да бір шара қолданылса» деген сауал жолдаған болатын. Аталмыш мәселе жөнінде А.Базылұлы Ақтоғай-Балқаш және Ақтоғай-Ақсу-Аюлы бағытындағы автомобиль



жолдарына бір білікке 8 тонна салмақтан аспау керек деген шектеу белгісі орнатылғанын айтты. Сондай-ақ, Э.Мұсабекова: «Жолдасым ауылдағы 5-6 үйдің малын бағады. Жайылымдық жердің тапшылығына байланысты ауыл іргесіне бағады. Алайда, тұрғындар бұған наразы. Жайылымдық жер мәселесін назарға алсаңыздар екен» деген өтініш білдірген. Осы бойынша ауылдық округ иелігіне 5 га жер телімі беріліп, құжаттары рәсімделіп жатқаны мәлім болды.

7-ші қараша күні **Қарамеңде би ауылдық округі** Ақтас елді мекенінде жалғасын тапқан кездесуде өңір басшысы жалпы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысын және 9 ай ішінде ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала бойынша қандай жұмыстар жасалғанын және Ақтас ауылы бойынша алда тұрған міндет-жоспарларын мәлімдеді. Шара барысында ауылдардағы ең өзекті мәселе – мектептегі бала санының аздығы сөз болды. Алдағы бесжылдық көрсеткішпен танысқан С.Әбеуова мектеп директорына білім ордасына бала тарту жұмысын ширату қажет екенін ескертті. Бұдан бөлек I, II, III тоқсандық есептік кездесуде көтерілген мәселелер бойында іс-шаралардың орындалысы жөнінде ақпар берді. Кездесу сонында ауыл ақсакалы Қ.Қанағат аудан әкімінің кезекті есептік жиынына баға беріп, алғысын білдірді.

Түс ауа **Қусақ ауылында** жалғасын тапқан есептік кездесуді өңір басшысының әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары А.Базылұлы 9 ай көлемінде атқарылған жұмыстарды баяндаумен бастады. Шұбартаулықтардың да, жалпы сол өңірдегі ауылдың баршасына ортақ мәселе – толғауы тоқсан жол мен электр жарығы. Бірінші жол түйткіліне тоқтаған А.Аманжолов биыл аудандық бюджет есебінен 5,45 млн. тенге сомасына аталмыш жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгенін жеткізді. Бұдан бөлек, бұған дейін ауылдағы ағайынның әлеуметтік дүкен ашылса деген өтініші бартынды. Бұл жөнінде Қусақ ауылының әкімі Д.Мұқатай биыл ауыл тұрмақ, аудан дәрежесінде шешімін таппай тұрған күрмеудің басқа жолдары қарастырылғанын айтты. Яғни, биыл ғана жұмысын бастаған екі дүкеннен арнайы әлеуметтік

Теңге – Тәуелсіздік тірегі

Осыдан 29 жыл бұрын 15 қараша күні Қазақстанның ұлттық валютасы қолданысқа еніп, төл теңгеміз айналымға шыққан болатын. Ұлттық ақшамызды енгізу – тәуелсіздігіміздің қалыптасуына, егеменді ел үшін ұлттық нарықтық инфрақұрылым құруға, сондай-ақ өздігімен ақша-несие саясатын, бюджет-салық саясатын, сәйкесінше макроэкономикалық тұрақтандырудың тиімді саясаттарын жүргізу сияқты қажетті де маңызды алғашқы қадамдарын жасауына мүмкіндік берді.

Тәуелсіз еліміздің апылған жарқын беттерінен төл теңгеміздің де нышаны бүгінде айқын көрініп тұр. Ресми тарихы Мемлекет басшысының 1993 жылдың 3 қараша айындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығынан басталған ұлттық теңгеміз одан беріде бірнеше сатыдан өтті. Десек те, мемлекетіміздің жыл санап артып келе жатқан экономикалық қуаттылығы теңгенің болашағына сеніммен қарауға жетеледі.

Еліміздің қаржы секторында өзінің даму тарихымен ерекшеленетін қаржы орталықтарының бірі – Қазақстан Халық Банкі.

Қазір республиканың алыс-шалғай өңірлерінде аталған банктің бөлімшелері халыққа қызмет көрсетіп, елдің негізгі жинақ ақшаларының сақталатын орны болумен қатар, онда тұрғындарға бірнеше қызмет түрлері ұсынылады.

Қазақстан Халық Банкінің тарихы, бұл республика аумағындағы жинақ жүйесінің құрылу және даму тарихы болып табылады. Ең алғаш рет 1923 жылы Ақтөбе қаласында қаржылық қызмет көрсету орнының ашылуымен жинақ жүйесін дамытудың және көпшілікке таратудың жаңа белесі басталған болатын. Ал, 1992 жылы елімізде жинақ банкі құрылып, оның заңды түрдегі ресми



құқық иеленушісі бүгінгі Қазақстан Халық Банкі болды.

Қазақстан Халық Банкінің міндеттері – зейнетақы, жалақы төлеу, салықтық коммуналдық және басқа да төлемдерді қабылдау, шағын және орта кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелерге есеп айырысу кассалық қызметін көрсету міндеттерін шешуге бағдар жасау процесі. Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғаларға несие беру және депозит ашу болып табылады.

Қазіргі таңда «Халық» деген атауы бар қаржы орталығы еліміздегі аса ірі қаржы тобы ретінде мәлім. Оның құрамында сақтандыру, инвестициялық банкинг нарықтарының жетекшілері, телекоммуникациялық, лизингтік және инкассаторлық компаниялар мен банкінің жер-жердегі бөлімшелері тұрғындарға қызмет көрсетеді. Жылдар бойы банк жұмысы қарқынды дамып келеді.

Қазақстан Халық Банкінің Ақтоғай ауданы бойынша №27 дербес сервистік орталығы өңір халқына қызмет көрсетеді. Осы бөлімшеде жоғарыда аталған барлық операциялар түрі халыққа көрсетілуде. Мұнда өз ыңғайыңызға қарай депозит түрлерін ашуыңызға болады. Депозит ашамын деген адамға өзінің ыңғайына қарай «Өмбебап», «Оңтайлы» және «Максималды» депозит түрлерін таңдауына болады. Сонымен қатар, интернеттің дамыған заманында үйден отырып-ақ, арақашықтыққа қарамай, «Интернет банкинг жүйесі» арқылы өзіңіздің карточкаңызды пайдаланып, біраз операциялар түрлерін жүргізе аласыз. Қосылу тегін. Шалғай жерлерде тұратын тұрғындарымыздың қолдануына өте ыңғайлы жүйе – интернет банкинг. Сондай-ақ, жыл соңына дейін Halykhomebank қосымшасы арқылы кез келген төлем жасап, Айфон 14 ұтысына қатысуына болады. Ұтыс әр апта сайын ұйымдастырылады. Және де Halyk QR6 Halyk Pos арқылы төлем жасап, 5 пайыз бонус алуға болады.

Біздің аудандық бөлімшеде тұтастай жас мамандар еңбек етеді. Өріптестеріміздің барлығы да өз істерінің білікті маманы. Атап айтсам, аға менеджер Төкепова Айнара, бақылаушы-кассирлер Шернияз Серікжан, Серікбай Олжас, банк кеңесшісі Аман Нұрсерік жұмыс жасап келеді.

Мерейлі мереке қарсаңында қаржы ісінің барлық қызметкерлерін, өріптестерімізді осы маңызды саланың өсіп-өркендеуіне күш-қайраты мен жалынды ғұмырларын арнаған ардагерлерді шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, мол табыс және қаржыгерлік қызметте үлкен жетістіктер тілеймін.

Жанель Далабаева,
Халық Банкінің Ақтоғай ауданы бойынша №27 дербес сервистік орталығының басшысы.

Қазақстан-2050: білім стандарты

Жерлестеріміз топ жарды

Еліміздегі енді ғана дамып, өрісін кеңейтіп келе жатқан инновациялық саланың бірі – робототехника. «Ой жеткен жерге қол жетеді». Мәселен, бір кездері жұмыр басты пенденің түсі түгілі, ойына да келмеген, бүгінгі таңда күнделікті қолданысқа дендеп енген тұрмыстық және өзге де техникалар адам қиялының жемісі. Робототехника технократтық заманның әліппесі. Сол себепті де бұл салаға баса мән беріліп келеді.

Аталмыш саланың қолжетімділігін арттыру мақсатында кейінгі жылдары еліміздің барлық өңіріндегі мектептерде қосымша робототехника сыныптары ашылып, техника құрастырудан таласы бар оқушыларды баулып жатыр. Ауданымыздың бірқатар білім ордасында робототехника сыныбы жұмыс жасап тұр. Жуырда ғана осынау саланың табалдырығынан енді аттаған оқушылар халықаралық байқауға барып, бақ сынасып қайтты.

Қарашаның 4-5-і күндері аралығында Қарағанды қаласының «Жастар» кешенінде «ROBOLAND-2022» XVII халықаралық робототехника, бағдарлау және инновациялық технологиялар фестивалі болып өтті. Байрақты бәсекеге 16 жекелеген бағыттар бойынша 300-ге жуық команда, бас-аяғы 700-ге тарта оқушы қатысты. Бұл – жас дарындардың арасында тәжірибе алмастырып, білім көкжиегінің кеңеюіне үлкен үлес қосатын



сындарлы бастама.

Roboland – робототехника бағытында білім берудің еліміздегі алғашқы және ірі жобасы. Оқушылардың білімін ұштайтын осынау халықаралық дәрежедегі фестивальге сол тұста Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы қызметін атқарған, қазір оқу-ағарту министрі

А.Аймағанбетов бастамашы болды.

Алғашқы «Roboland» додасы 2015 жылы, тек бес аталым бойынша өтті. Оған 30 команда қатысып, 70-ге жетекабыл оқушы бәсекеге түсті. Ал келесі жылы фестиваль халықаралық деңгейде өтті. Дүбірлі додаға Ресейден, Сербиядан және еліміздің 12 аймағынан келген 200

команданың басы бір арнада тоғысты. 2018 жылы іс-шараның өрісі кеңейіп, «Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі» деген ресми атауға ие болды.

Биыл аталмыш фестиваль Қазақстан мен шетелдің жас инженерлері мен конструкторларының тәжірибе алмасу алаңына айналды. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Грециядан келген қатысушылар ұзын саны 16 аталым бойынша әзірлеп әкелген өз жобаларын көрермен қауымның назарына ұсынды.

Байрақты бәсекеге ауданымыздың намысын арқалап 3 команда Көшшілер шөріне барып қайтты. Және құр қайтқан жоқ, олжамен оралды. Жарыстың бірінші күні М.Есімбек жетекшілік ететін «Қосымша білім беру орталығы» робототехника сыныбының «Teach team» командасы, І.Нұрлан мен Н.Сайлаукең «Кегельринг квадро Х2» номинациясы бойынша сайысқа түсті. Ал, 5 қараша К.Байсейітова мектебінің «Smart» командасы Н.Нұрлан мен А.Тәбәрәк «Роботометрия» аталымына қатысып, дайындаған жобалары үздік деп танылып, жүлделі І орынды иеленді. Жетімпаздардың жетекшісі – Ұ.Егімбаев. Сондай-ақ, Ж.Кенесбаев мектебінің Е.Төкен бастаған «М&В» командасы М.Төлжұтай мен Е.Бекболат «Шығармашылық роботтар» аталымында бақтарын сынға салды.

Е.Темірханұлы.



Дін – бірліктің діңгегі

Зайырлы қоғам және жоғары руханилық – біздің басты құндылығымыз

Мемлекет – қоғамның саясатын жүзеге асыратын саяси ұйым. Мемлекеттің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары. Зайырлы мемлекет болса, осы қағидаларды тереңірек қарастырады. Зайырлылық – гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығын еркін пайдалану. Әр мемлекет адамзатының дүниетаным еркіндігін сыйлап, қоғамның рухани саласында көптүрлілікті мойындау. Осы орайда зайырлылық пен руханилықты қарастырсақ, зайырлылық – мемлекет басқарудың формасы деп алсақ, ал руханилық – діннің құрамдас бөлігі. Дін – қоғамның ажырамас, қоғам өмірінің ерекше рухани саласы. Зайырлы мемлекет көріп отырғанымыздай, сенім тыйымын салмайды. Өзіміз білетіндей, Қазақстан Республикасы да зайырлы мемлекеттер қатарынан. Қазақстан – көпұлтты, көп конфессиялы, дінді ұстанушы мемлекет, 140 этнос пен 18 конфессия өкілдері бар. Тоқсаныншы жылдары 670 бірлестік болса, қазіргі таңдағы діни бірлестіктер 4551-ге жетіп отыр. Елімізде 2021 жылғы статистика бойынша 67,4% адамдар дінді ұстанушылар. Осы адамдар ішіндегі жіктелушілер болса, 61,3% сүннет мазхабындағы мұсылмандар, 17,2% православ христиандар, 23,5% католиктер, 15,8% құдайға сенушілер, алайда, ешқандай дінді ұстанбайды,

23,5% ешқандай дінге сенбейді, алайда басқа жандардың сенімін сыйлайды, ал 9,1% атеистер (құдайға, дінге сенбеушілер). Статистикаға мән берсек, әртүрлі сенімдер бас қосқан бірдей бір мемлекеттің, оның себебі, зайырлы мемлекет болғанымыз, алайда біз зайырлы мемлекет болып қана қоймай, бұл жүйені әрдайым қадағалап отыруымыз қажет, сол үшін де Қазақстан Республикасы дін саласына арнайы түрде заң жүйесін орнатты. «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі №992 Қаулысынан толыққанды біле аламыз. Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әр адамның ар-ұждан бостандығы құқығын растайтынын, Қазақстан Республикасы азаматтарының діни наным-сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытуда Ханафи мазхабындағы ислам және православтық христиан діндерінің тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады. Қазіргі заманда діни бірлестіктер мен жаңа діни ағымдар

көбеюде, зайырлы мемлекет болған соң біз адамдар сеніміне шектеу қоя алмаймыз, алайда діни бірлестіктер сенімдерінің қандай жүйеде екенін қадағалап, қарап отыру осы заңнамалармен реттеліп отырады. Өзіміз бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп жүргендей, діни білімділік аз болғаннан кейін, көп жастарымыз бен қоғам мүшелері еріксіз жағ ағым, дәстүрлі емес діни ұйымдардың арбауына түсіп, адасып жатыр. Сондай істерге жол бермеу үшін заң тұрғысынан толыққанды жұмыс жасалып жатыр. Заң органдары мен діни сауаты жоғары білікті мамандар арқасы. Зайырлылық дегенге қадағалаусыз жіберу, ол мемлекеттік іске жатпайды. Мемлекеттік атқаратын жұмыс алдымен ел қоғам тыныштығы, сосын заң аясында жұмыс атқара білу. Қорытындылайтын болсақ, мемлекет қандай басқару жүйесін ұстанса да, мемлекетті құраушы әр жанның сенімі, мәдениеті мен болмыстық құндылықтарын әлеуметтік қоғамда жүйелілігін негізде ұстап отыру қажет, сол кезде еліміз аман, жұртымыз тыныш болатынына сенім мол

Ш.Елең,
Ақтоғай ауданының дін мәселесі бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, Ақтоғай аудандық жастар ресурстық орталығының директоры.

Хабарландыру

2022 жылғы 20 қарашаға белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы бойынша азаматтар белгілі бір учаскедегі сайлаушылар тізіміндегі өздері туралы деректерді өкілдіктің сайтынан тексере алады.

Сондай-ақ, аудан тұрғындары сайлау09.kz ақпараттық сервисі, Senim-109 диспетчерлік қызметі, аудан бойынша call-орталық 8 (71037) 2-12-47 нөмірі арқылы сайлаушылар тізіміннен өздерін тексере алады.

18 жасқа толған Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады.

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 28.11.2022 жылы сағ. 15.00-де болады.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:

1. Серіктестіктің несие желісін ұлғайту.
Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек: 8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы 18-02/40 бұйрығы негізінде "Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы" КММ мемлекеттік қызметті Ақтоғай ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі, 16 үй ғимаратында көрсетеді.
Телефоны: 87103721210.



Спорт



Ұлын ұлықтаған ел ардақты

Спорттың бұқаралығын арттырудың мән-маңызы бұған дейін де талай мәрте айтылған. Ауданымыз бұл салаға келгенде, Аллаға шүкір, жетістік атаулыдан кенде емес. Жаттықтырушының үкілеген үмітін арқалап барып, олжамен оранған спортшы қауымның жетістігін сүйіншілеп, үнемі газет бетінде жариялап келеміз. Бұдан тыс ауыл-ауылдағы спортшылардың басын тоқайластыратын біріншіліктер мен әр алуан спорттық додалар, спартакиадалар жыл көлемінде бірнеше мәрте жалауын желбіретеді. Бұл дегеніміз бірінші кезекте салауатты өмір салтын насихаттап, жас буынды спортқа баулыса, одан бөлек ауылдар арасындағы спорттық бәсекелестікті арттырады. Ал бәсеке бар жерде, нәтиже де болады. Аудандық дәрежеде өтетін байрақты бәсекелерде іріктеліп, ерекше қабілетімен көзге түскен сайыпқырандардың одан әрі облыстық, республикалық сайыстарға қатысуға жол ашылады.

Қысқа қайырғанда, аудандағы спорттық жарыстар, спортшыларға биік деңгейге көтерілуге мүмкіндік беретін баспал-



дақ іспеттес. Жуырда аудандық «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде» спорт ардагері, ұстаз, жаттықтырушы, аудан спортының дамуына өзіндік үлесін қосқан Сейсепов Мұрат Қауанұлын еске алуға арналған оқушылар арасында аудандық турнир болып өтті. Айта кету керек, Мұрат Қауанұлының құрметіне ұйымдастырылған тоспа доп додасы биыл бірінші рет өткізіліп отыр. Турнирге аудан-

нымызға қарасты білім ошақтарының волей-болдан таласы бар оқушыларынан сап түзеген 10 команда

қатысып, өзара бақ сынасты. Жас спортшылардың арасындағы сайыс еліміздің Мемлекеттік Әнұранымен бастау алды. Іс-шараның ашылу салтанатына аудан өкімінің орынбасары А.Аманжолов және Мұрат Сейсеповтың көзін көрген ардагер спортшылар мен туған-туыстары қатысты. Ұзақты күнге созылған біріншілікте ауыл абыройын бетке ұстап келген қатысушылар аянып қалған жоқ. Қарсыластарының

алаңынан саңылау ізден, ала допты шиыра лақтырып, ширыға ұрып жатты. Тартымды да тартысты өткен жарыста К.Байсейітова мектебінің командасы алдына қара салмай, I орынға ие болды. Ал II орынды Қызыларай ауылынан келген жас өрендер еншілесе, III орын Ә.Бөкейхан мектебінің қанжығасына бұйырды. Бұдан бөлек, ойын барысында ерекше көзге түскен спортшылар әр аталым бойынша марапатталды. К.Байсейітова мектебі командасының ойыншысы Е.Мекен «Үздік ойыншы», Ә.Бөкейхан мектебінің қатысушысы Қ.Рысбек «Үздік пабуылшы» аталып, «Үздік ойын ұйымдастырушы» номинациясы Қызыларай мектебінің командасына берілді. Жарыс соңында барлық қатысушылар мен жеңімпаздар естелік суретке түсті.

Б.Бекіш,
ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің маманы.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, ардақты өке, аяулы жар, қимас бауыр, қадірлі туыс болған Қаленов Құрманғазы мен Сарыбаева Рәштің бұл фөниден өткеніне 13-қарашада 40 күн толып отыр. Тағдырдың жазуынан асар пенде жоқ, ортамыздан мезгілсіз кеткен абзал жандардың туған-туысқандарына орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айта отырып еске аламыз. Жандары жәннатта, төңдері рахатта болғай!

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көшпеліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар рухыңменен қауышып.

Еске алушылар: Ақтоғай мәдени-сауық орталығының ұжымы.

22 тамыз 2021 жылы Садықов Аманбек қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел.: 8-705-832-83-06.

19 қыркүйек 2022 жылы Абылғапаров Аралтай Аделханович қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел.: 8-705-832-83-06.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті ағамыз
**Мұқанов Аспандияр
Өмірбекұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейлі қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз ауданымыздың спорт саласының өркендеуіне атсалысып, ұзақ жылдар бойы осы салада тер төктіңіз. Алдағы ғұмырыңызда да сол еңбектің толассыз зейнетін көріп, әр күнін тек шалқыған шаттыққа толы болсын. Жасыңызға жас қосылып, тойдұман, қуанышқа жете беріңіз. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, баянды бақыт тілейміз. Отанасы Тамара жеңеміз екеуіңіз жұптарыңыз жазылмай, балашаға, немерелеріңіздің қызық-қуаныштарына тоймай, өмірдің биік шыңдарынан сүрінбей өте беріңіздер. Әр уақытта қажымай-талмай, өз орталарыңыздың қадірлісі, сыйлысы болып, берекелі де мерекелі ұзақ өмір сүруді нәсіп етсін.

Асыл тілек айтылады ақ ниеттен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен!

**Ізгі ниетпен: анамыз – Амантай, Дәулет-Сәулә,
Нұртас, Саяна, балалары – Нұрбек, Елдар, Инабат.**



Құрметті әріптестеріміз **Исабеков Саят Башанақұлы**н 60 жасқа, **Саденова Ардақ Амангелдіқызы**н 50 жасқа толған мерейжастарыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, өмірлеріңізге сарқылмас қуаныш, отбастарыңызға шұғылалы шаттық тілейміз. Жүздеріңізден шуақ кетпей, бала-шағаларыңыздың ортасында күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіздер. Аспандарыңыз ашық, жүздеріңіз жарқын, әр күндеріңіз мерекелі болсын. Ең бастысы, мықты денсаулық тілейміз.

Ізгі ниетпен: Ақтоғай аудандық почта ұжымы.

Құрметті құрдасымыз
Аспандияр Өмірбекұлы!
Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Шаңырағыңызда шаттық пен қуаныш көп болсын, бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, Алланың назарында, бақыттың базарында болғайсыз деп тілейміз. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық нәсіп етсін. Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, ағайын-туыс ортасында абыройға бөленіп, биік белестерден аса беріңіз. Мерейтой мерекелі, құтты болсын, Бойда қайрат, денсаулық, қуат берсін. Өмірде арманыңыз орындалып, Бала-шаға, отбасыңыз аман болсын!

Тілек білдірушілер: Жанғазы-Бақыт, Жаныбек-Маркен, Асхат-Рая.



Құрметті **Сатекова Замзагүл Кенесқызы!** Қараша айында келіп жеткен жарты ғасырлық мерейтойымен құттықтаймыз! Отбасыңызға келген қуаныш тек өзінің жақсылығы мен ырзығын арқалап алып келсін. Жарық та жарқын аяулы күндеріңіз нұрға толсын. Көңіліңіз қартаймасын, құт-берекеніз ешқашан ортаймасын. "Ағаш – тамырымен, адам – достарымен қымбат" деген, еңдеше, достығымыз мәңгілік болсын. Өмірде өтпеген-ай деген аз болып, шіркін-ай, пай-пай дегеніміз басым болсын. Бірімізге-біріміз шаттық сыйлап, әрбір күнді қуанышқа толтырайық. Әрқашанда жақсылық жандарыңыздың серігі болсын, қуаныштарыңыз ұзағынан сүйіндірсін.

Құтты болсын мерейтой – 50 жасың,
Әр уақытта домалап өрге тасың.
Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй,
Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.
Қыздарың қиясына қонып жатыр,
Келін алып, жылы суға қолың батыр.
Дүниеге келе берсін немерелер,
Алданып қып солармен таңынды атыр.

**Ізгі ниетпен: жолдастарың – Серік-Зайдагүл,
Жансерік-Гүлбараш, Мәрікә-Ботагөз.**

Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты өкеміз
Аспандияр Өмірбекұлын асқаралы 70 атты белестің биігіне шыққан мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Аяулы өке, немерелеріңіз сүйікті атасы! Сіз өмір бойы еңбек еттіңіз. Бізді еңбекқор болуға тәрбиеледіңіз. Ақыл-парасатыңыз, сырт бейнеңіз, білімділігіңіз бізге үлгі болды. Осы ізгілігіңіздің арқасында бізді қазіргідей жақсы дәрежеге жеткіздіңіз. Сізден өлі де үйренеріміз көп. Сондықтан, сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, өнегелі өмір, мерейлі көңіл тілейміз. Әр күнін шаттыққа, жүзіңіз нұрға толып, біздің қуанышымыз, асқар тауымыз болып жүре беріңіз. Ұрпақтарыңыздың шат-шадьман қызығына тоймай, бақытты ғұмыр кешіңіз.

**Игі тілекпен: анамыз – Тамара, балалары – Айман,
Айнұр-Жасұлан, Айдос-Дина, Жандос-Арайлым,
немерелері – Нұртілек, Нұрасыл, Нұргүл, Алинұр,
Алисултан, Мансұр, Даниял, Инжу, Алуа, Медина.**



Құрметті де қадірлі досымыз
Саят Башанақұлы!

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы танда адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізге жақсылыққа толы шуақты күндер, ордалы жаңуаңызға амандық тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз.

Қайда жүрсен алдыңнан ақ күн тусың,
Ақ кемеңің желкенің шаттық бұрсын.
Өмір жасың қаншаға созылса да,
Алдыңнан күтіп тұрсын бақыт құсың.

**Игі тілекпен: Қайрат-Гүлзия, Дулат-Мейрамгүл,
Рымбек-Роза, Бауыржан-Шайзат, Мақат-Күләш,
Маржан, Темай-Қарлығаш, Еламан, Алтын.**



Құрметті бауырымыз
**Исабеков Саят
Башанақұлы!**

Сізді келіп жеткен 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Шаңырақтарыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, нәсібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз. Немерелеріңіздің қызығын көріп, ағайын-туыс пен әріптестеріңіздің ортасында сый-құрметке бөленіп, ұзақ баянды ғұмыр сүруіңізге тілектеспіз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Тілек білдірушілер: апа-жезделері, бауырлары.

Құрметті **Асан аға!**

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестеріңіз табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Сізге ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Мағыналы өміріңіздің, шуақты шаңырағыңыздың алтын дінгегі, өмірлік қосағыңыз – Тамара жеңеміздің, оның жалғасы, ертеңгі мәуелі жемісі – балаларыңыз бен алтын асықтай немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөлене беріңіз!

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі!

Ізгі тілекпен: бауырларыңыз – Иса-Ләззат, Сана-Қарлығаш, Жәніс-Айгүл.



Сарытерек ауылының тұрғыны, құдамыз
Насифов Арыстанбекті 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға бақыт тілейміз. Әрқашан аспаныңыз ашық болып, өмірдің өрінде, дастарханның төрінде күліп-ойнап жүре беріңіз.

60 жас туған күніңіз құтты болсын,
Өміріңіз шат күлкі мен нұрға толсын.
Өмірдің бар жақсылығы сізге арналып,
Денсаулығыңыз мықты болсын!

Тілек білдірушілер: құдаңыз – Еркін, құдағиыңыз – Бақыт, күйеубаласы – Жаннұр-Алмара, жиендері – Жанарыс, Жантөре, Жансая, Жансұлу.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1020 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй. Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

